

"Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы № 77-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 23 қарашадағы № 295-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 желтоқсанда № 8198 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 550 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 21.07.2015 № 550 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 14-1) тармақшасына және 14-1-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы № 77-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4166 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 5 мамырдағы № 81 (1061) «Заң» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну ережесін бекіту туралы»;

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 14-1) тармақшасына және 14-1-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы

Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну ережесі бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және ұсыну ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну ережесі»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ереже Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар (бұдан әрі - сараптамалар) жүргізу тәртібін, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

қаржылық сараптама - табиғи монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын және уәкілетті органның шешімдерін орындауын бағалау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметін, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес өзге қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлінуін, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қолданылатын тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) әсерін талдау, тарифтік сметаның орындалуын және есепке алу саясатының сақталуын, инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың орындалуын тексеру (бағалау);

құзыретті орган - салалық министрлік және (немесе) ведомство, ал шаруашылығының және (немесе) кәріз жүйелерінің қызметтерін көрсететін

табиғи монополиялар субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар;
уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

техникалық сараптама - қолданысқа енгізілген активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамаларын) және активтерді жұмыс істеуін қалпында ұстауды қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізу қажеттігін, өндіріс технологиясының, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларға сәйкестігін қоса алғанда, технологиялық процестің тиімділігін талдау, инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажеттігін, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша негізгі құралдарды іске қосудың деңгейін және олардың дұрыс бөлінуін талдау;
сарапшы - қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамаларды уәкілетті орган және (немесе) табиғи монополиялар субъектісі ол үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, қаржылық сараптама үшін кемінде екі жылда бір рет және техникалық сараптама үшін үш жылда бір рет мерзімділікпен жүргізеді.»;

7, 8-тармақтар алып тасталсын:

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Сараптама жүргізу барысында сарапшы табиғи монополия субъектісі (бұдан әрі - Субъект) ұсынған ақпаратты осы Ережеге сәйкес зерделейді және т а л д а й д ы .

10. Сарапшы қажет болған жағдайда өткізіліп отырған сараптамалардың шеңберінде Субъектіден және (немесе) уәкілетті органнан қосымша ақпарат с ұ р а й д ы . » ;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Есеп осы Ереженің 17 және 18-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган сарапшыға оны сәйкес келтіру қажеттілігі туралы хатты нақты мерзімдерін көрсете отырып жолдайды.

15. Сарапшы ұсынылған ақпарат бойынша есепті Ереженің 17 және 18-тармақтарына сәйкес пысықтайды және оны уәкілетті органға ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Тарифті, оның шекті деңгейін және инвестициялық бағдарламаны (

жобаны) бекіту үшін табиғи монополиялар субъектілері осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүргізілген қаржылық және техникалық сараптамалардың қ о р ы т ы н д ы с ы н ұ с ы н а д ы . » ;

төртінші тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Техникалық сараптама жүргізу кезінде ашылуға жататын, мәселелер тізімі ;

бесінші тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржылық сараптаманы жүргізу кезінде ашылуға жататын, мәселелер т і з і м і » ;

18-тармақтың 2) тармақшасында:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Сарапшы шығындардың есепке алынуын Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі № 185-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2438 нөмірмен тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес, мыналарды қ о с а бағалайды : » ;

жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сарапшы талдамалы кезеңде өткізілген шығындары тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржылық ресурстарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес келуіне бағ а б е р е д і ; » ;

18-тармақтың 6) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Ереженің талаптарына сәйкес шығындардың баптары бойынша тарифтік сметаның атқарылуына талдауды, есеп айырысулардың дұрыстығы мен негізділігі тұрғысында қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өз құнының қолда бар калькуляциясын бағалауды қамтиды. Сарапшы тарифтік сметаның атқарылуына талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша тарифтік сметада бекітілгеннен ауытқу сомаларын (қаражатты пайдаланбау), орындамау себебін а й қ ы н д а й д ы ; » .

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (А.В. Мартыненко) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмыстар департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (С.С. Метенова) ұ с ы н у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ж. Дүйсебаевқа ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов